

Бекеткер
10/11

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыбы: «Менің Отаным -Қазақстан»

(Ата- ана мен баласы макет жасау)

Өткізген: Топ тәрбиешілері

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Тақырыбы: «Менің Отаным Қазақстан» ата анамен макет жасау

Күні: 11.12 - 15.12.2023

Қатысқандар саны:

Мақсаты: балаларды өз Отанын сүйуге өлкемізді танып білуге, туған жеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Шарты: бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында онлайн байқау өтті балалар ата аналармен бірге шығармашылық ой қиялдарынан туындаған макет жасап жұмыстанды. «Ақбота» тобынан төрт ата ана, «Балапан» тобынан үш ата ана қатысып өз үлестерін қосты.

Тізімі: «Балапан» тобы

- 1.Қайыржан Мұрагер әкесі Елубай Мейіржан
- 2.Темірхан Айша әкесі Әби Мейіржан
- 3.Килибаева Еркеназ әкесі Ернур Акнурович

«Ақбота» тобы

- 1.Сапар Бегайым әкесі Умирбаев Батыржан
- 2.Досанов Ақтөре әкесі Амангелдиев Сағымжай
- 3.Қайыржан Кеменгер әкесі Елубай Мейіржан
- 4.Болат Мұстафа анасы Асқар Асел

Өткізген: топ тәрбиешілері

Бекітілген

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Түсіндірме сабақ
Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»

Өткізген тәрбиешілер: Абдигалиева А.С

Атай Ә.Қ

2023-2024

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған

түсіндірме сабақ.

Құрметті балалар мен қымбатты қонақтар! Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіз еліміз болашаққа айқын бағдар түзеп, өркениетті елдердің қатарына жетуіне аяқ басты. Сол болашақтың тірегі мына бүгінгі бүлдіршіндер сендерсіңдер. Бүгінгі жиынды құрып отырған басты себебіміз – баршаңызды Қазақстан Республикасының төл мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Ол мерекені жылда желтоқсанның 16 жұлдызында тойлайды. Біз өз отанымызды сүйеміз және біз оны мақтан етеміз. Жыл сайын біздің ұлы отанымыз бай, мықты және күшті бола берсін! ҚР-ның әнұраны орындалады.

Балалардың мерекеге арналған тақпақтар.

Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн,

Ерекше боп мәңгілік

Ел жанында қалған күн.

Асыл өлкем ерекше,

Қазақстан – мекенім !

Беп – белгілі емес пе,

Сенің ғажап екенін !

Отан деген атамекен,

Отан деген –туған ел,

Отан ана – отан үлкен

Қазақстан туған жер.

Өзіңдікі туында

Отпен ауа суында

Жаса Қазақстаным

Белді бекем буында.

Тәрбиеші: Әр қазақтың есінде сақталады

Желтоқсандық өрендер ақталады

Ел намысын қорғаған сарбаздарым

Ерліктерің мәңгілік сақталады

Балалардың орындауында : «Ел қорғауға әзірміз»

Рәміздерім елдігімнің белгісі

Білу керек бала -дағы ең кіші

Рәміздерім-Әнұран,Көк ту, Елтаңба

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі

Балалар біздің Отанымыз қалай аталады?

-Қазақстан

Қазақстан қандай мемлекет?

-Қазақстан тәуелсіз,егеменді мемлекет балалар тәуелсіздігіміздің белгісі өз рәміздеріміз бар олар

Ту,Елтаңба,Әнұран

Тудың ортасында шұғылалы күн,оның астында калықтап ұшқан қыран құс бейнеленген,жиегінде қазақтың ою-өрнегі қазақтың салт-дәстүрінің белгісі

Еліміздің тұңғыш президенті кім?

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазіргі елбасымыз кім?

Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев.

Еліміздің астанасы қай қала?

-Нұрсұлтан

Нұрсұлтан бас қала әдемі,үлкен

Онда қандай ғимараттар бар

-Бәйтерек, Ақорда, Бейбітшілік пен келісім сарайы өте көп әдемі үлкен ғимараттар бар.

Жарайсыңдар балалар!

Балалардың тақпақтарына кезек берейік.

Балабақша серпін нық,

Көкке лақтырды бөркін жұрт

Тәуелсіздік -ынтымақ

Тәуелсіздік еркіндік

Әнұранын жаттаған

Елтаңбасын сақтаған

Ынтымақ пен бірліктің

Таусылмайтын жырымын

Әнді алысқа жеткіземіз

Көкке елдің туы ілінді

Жылда той қып өткіземіз

Тәуелсіздік ұлы күнд

Өзіндікі туында

Отпен ауа суында

Жаса Қазақстаным

Белді бекем буында

«Ақбота» тобының «Тәуелсіздік тұғырым» атты түсіндірме сабағы аяқталды.

Сөз кезегі балабақша меңгерушісі Калиева Н.М береміз

Бекітілген
10/12

«Балдырған» бөбекжай балабақшасы

«Тұғыры биік Тәуелсіздік»

Тәрбиеші: Жалғасбаева.Т.Н.

2023-2024

Тұғыры биік Тәуелсіздік!

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Жас ұрпақтың бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Әнұран орындалады.

Балаларға түсінік беру:

Балалар бүгін 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесі. 1986 жылы ата-бабамыз аңсаған арманы орындалып, қазақ елі өз тәуелсіздігін алды. Тәуелсіз мемлекет атанып, көк туымыз желбіреді. Бұл тәуелсіздік оңай келген жоқ 16 желтоқсанда көптеген қазақ жастары алаңға шығып тәуелсіздікті талап етті. Желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларың:

Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков т.б жастар құрбан болды. Биыл тәуелсіздігімізге 32 жыл болды.

Бұл азаматтарды әр жыл сайын ұмытпай еске аламыз.

Егемендігіміздің белгісі ретінде рәміздеріміз бар: Ту, Елтаңба, Әнұран.

Топтық ойын тапсырма: «Көлеңкесін тап»

Оюлар мен рәміздер беріледі топқа бөлініп орындайды.

Мұрагер:

«Отаным»

Жүздеген, мыңдаған

Сәбидің күлгенін

Қуана тыңдаған

Отаным ол менің

Шаршасам демалам

Бір ерке ботамын

Өсірер мені аман

Отаным, Отаным

Десе егер папаң кім?

Өзіңді атадым

Анасы анамның

Отаным, Отаным!

Айару:

Бақытты боп жүргенін
Сенің арқаң ұлы Отан
Елім менің-тірегім
Құшағыңда гүл атам
Шығысыңнан арайлы
Күліп атқан құбатан
Сенен бақыт таралды
Баршамызға ұлы Отан!

Қызықты эксперимент жасау.
(көк бояу, су, банка, шприц) беріледі.

Хор : «Тәуелсіз елдің ұланы»

Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Бұл күн Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Желтоқсан құрбандарын жыл сайын еске алып, ерен ерліктерін ұмытпаймыз.

Балдырған
МТБ

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы

«Әсем шырша»

(креативті шырша дайындау)

Өткізген: Топ тәрбиешілері

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Тақырыбы: «Әсем шырша»

Күні: 20.12.-26.12. 2023ж

Қатысқандар саны:

Мақсаты: балаларға жаңа жылдық көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Шыршаның әдемі де сәнді безендірілгеніне көңіл бөліу.

Шарты: «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әкесімен бірге әсем шырша дайындауға тапсырма берілген болатын, әкелер балалармен бірге әсем де әсерлі шыршалар дайындап өз үлестерін қосты.

«Балапан» тобынан үш ата ана, «Ақбота» тобынан 6 ата ана қатысып өз белсенділіктерін көрсетті.

Тізімі: «Балапан» тобы

1. Темірхан Айша
2. Болат Ерқанат
3. Дастанұлы Халид

«Ақбота» тобынан

1. Тоқтасын Алинур
2. Болат Нұрқанат
3. Темірхан Шәкәрім
4. Асылбеков Санжар
5. Қалдыбек Ясмин
6. Елубай Мансур

Өткізген: топ тәрбиешілері

«Балдырган» бөбекжай балабақшасы

«Ғажайып Жаңа жыл»



Тәрбиеші: Досбергенова А.А

Ғажайып Жаңа жыл

Қар ханшайымдары кіріп келеді.

-Қандай әсем безендірілген жаңа жылдық зал, қандай әдемі

-тамаша

-жаңа жылымызды осында атап өтсек қалай қарайсындар?

-дұрыс айтасың

Балға қатысатын ханшайымдар кіріп келеді. Менсінбей

-мұнда не болайын деп жатыр?

-біз мұнда жаңа жылымызды атап өтпекпіз

-жо-жоқ бізге жаңа жылдық бал кеші керек және де ханзадалар керек.

Сол кезде Ханзадалар бимен кіріп келеді ортаға

-Міне ханзадаларымызда табылды ендеше былай жасайық, ең алдымен жаңа жылымызды атап өтіп сосын бал кешіне барсақ қалай болады?

-жарайды

Бәрі шапалақтап қуанады

-Ендеше жаңа жылдық кешімізді бастайық

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Бақыт, шаттық, тыныштық

Ұлу жылы әкелсін бәрімізге

Батыр: Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Көзайым: Ән айтамыз, би билейміз

Біз көңілді баламыз

Шаршауды біз білмейміз

Такпақ айтып, би билеп

Аяз атадан сыйлық аламыз

Ерқанат: Жылдың әнін бастайын

Аяз ата кеп қалды

Майысады жас қайың

Көтере алмай көп қарды

Медина: Жапалақтап ақша қар

Жауды күнде қайталап

Қырға шықты балалар

Шаңғыларын арқалап

Ән: «Жаңа жыл»

Осы кезде қоян жылап жүгіріп келеді. Мен сендерді қимаймын сәбізімді құшақтап сендердің қастарыңда жүре берейінші?

-жылама, қоянжан сен бізге жақсы жыл баядың (құшақтайды)

Қар ханшайымы: Я қоян сен бізге ырыс несібе, құт береке әкелдің, біз сені жақсы көреміз, сені ұмытпаймыз. Солайма?

-Иәәә

Қоян: онда сендермен бір ойын ойнасам болама?

Ойын: «Мандаринмен эстафета»

Раушан: Мәз болып, жиналып көп бала
Бір- бірін құшақтап топтала
Ойыншық іліп жүр шыршаға
Неткен көп ойыншық мұншама
Дайын тұр тақпақ пен әніміз
Әрдайым құлпырсын сәніміз

Омар: Шанамызға мінеміз
Мәз мейрам боп күлеміз
Жарысамыз бәріміз
Жарасып тұр сәніміз

Айша: Не ойласаң жаңа жылда
Орындалады бар арман
Жаңа жылды сондықтан
Күтеді барлық балақан

Абдуллах: Ән саламыз би билеп,
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің Жаңа жыл
Қандай қызық көңілді

Қар ханшайымы: Ал енді қоянжан сенімен қоштасатын кезде жетті сені
қатты жақсы көреміз! Балалар хормен қоштасады.

-Аяз ата Ақшақарсыз қалай тойлаймыз жаңа жылды?

Хормен шақырайық

-Аяз ата Ақшақар кіреді.

Аяз ата: Армысындар балалар
Балаларым балғыным
Өмір гүлім, шалғыным
Тілейтінім жыл бойы

Сендердің денсаулығың! Сендерді көргеніме қатты қуанып тұрмын.

Мен өзіммен бірге Ақшақарыммен Шырша қызымды ертіп келдім

Ақшақар: Сәлеметсіңдерме балалар қандай әдемі болып отырсындар, жаңа
жылдарыңмен құттықтаймын!

Шырша қыз: Саламатсындарма балалар! Балалар қандай әдемі болып
отырсындар! Аяз ата мына шыршамыз көңілсіз тұрғой, шыршамызды
жарқыратпаймызба?

Хормен: Қуант бізді таңыркат
Шамдарыңды жарқырат

Би: «Қар Ханшайымы» биі

Қар ханшайымы: ендеше ортамызға жаңа жылымызды шақырайық.

Ұлу кіреді.

-Сәлеметсіңдерме балалар! Мен жаңа жылмын, мен жаңа нұрмын. Сендермен
қауышқанымға қуанып тұрмын.

Ән: «Шырша»

-Айзере: Ақ қар жапты даланы

- Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын
Шырша келді ортаға
- Азиз:** Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз
- Еркеназ:** Даланыңда қаланың
Думандатып отбасын
Тағы, міне жаңа жыл
Қақты уақыт қақпасын
- Халид:** Жаңа жыл, Жаңа жыл
Төгілсін жаңа нұр
Сыйлығын сүйретіп
Келді міне, Жаңа жыл
- Оразалы:** Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтаймыз сіздерді
- Ұлудың ойыны: «Көңілді ойын»**
- Би: «Ханзада мен Ханшайым»**
- Мұрагер:** Жаңа жылда, жаңа күн
Бақ- береке орнасын
Жиырма төртінші жылымыз
Жақсы күнді жалғасын
- Кәусар:** Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағылған
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған
- Көркем:** Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып
- Қалижан:** Аяз ата жол салып
Ақ боранмен алысқан
Балаларға базарлық
Алып келді алыстан
- Ата-аналармен ойын: «Шыршаны безендір»** қолдарына қалың қолғап киіп
алып әр түрлі би билеу арқылы шырша ойыншықтарын ілу.
- Нұрали:** Жаңа жылды қарсы алып
Жасаймыз той жылда біз
Жарқын жарқын ән салып
Жалғасады жырға жыр
- Амира:** Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Алан: Жаңа жыл-жаңа кадам, жаңа бақыт
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт
Ұлу жылы келіп қалды ортамызға
Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт

Айару: Әкелсін жыл ырыс-құт
Әлемде болсын тыныштық
Ән салайық жаңаша
Жаңа жылым тамаша

Би: «Көңілді би»

Ибраһим: Жаңа жылды қарсы алдың
Мініп алып күймеге
Менде бүгін ән салдым
Араластым бигеде

Азима: Кел балалар тақпақты
Тақылдатып айтайық
Аяз ата таң қалсын
Сыйлық алып қайтайық

Айнамакөз: О керемет, керемет
Бейне аппақ көбелек
Ақшақар жай көлбеңдеп
Қонып жатыр жерге кеп

Айару: Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр
Ата-әже, әке-ана
Құтты болсын Жаңа жыл

-Бәріміз көңілді жүргенде жаңа жылдық бал кешіне барамызба?

- Ендеше қәне шығайық ортаға. «**Жаңа жыл**» поппури әнге билеу.

Осымен Жаңа жылдық бал кешіміз аяқталды, Жаңа жылымыз тағыда құтты болсын.

Сөз кезегін балабақша меңгерушісіне береміз. Келесі сөз кезегін ата-аналарға береміз.

Бекетмен
10/10

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

«Жарқыра Шырша»

Өткізген: Атай Ө

2023-2024

Құрметті қонақтар, әріптестер көптеп күткен мерекеміз жаңа жылда келіп жетті. Биылғы жаңа жыл баршамыздың отбасыларымызға бақыт, береке, ынтымақ алып келсін.

Тәрбиеші:

Қыс қызығы тамаша

Ойнаймыз біз таласа.

Думанымыз жалғассын,

Жаңа жылға тамаша.

Жаңа жылда мол болсын,

Әрбір үйде той болсын

Берекелі жыл болсын.

Ақ дастархан мол болсын.

Балалар әуенмен ішке кіреді.

Тоғжан: Аяз ата келеме, бізге сыйлық береме?

Думан: Әрине келеді, бізге көп сыйлық береді.

Осы кезде музыка әуенімен билеп түлкі келеді.

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін.

Тұнып тұрған күлкімін,

Бұлған, бұлған құйрығым,

Текке өтпейді бір күнім.

Аяз ата мұнда келмейді,

Сендерге сыйлық бермейді.

Балалар: қалайша?

Түлкі: Аяз аталарың адасып кетіпті,

Сендерді таба алмай, үйіне қайтып кетіпті.

Тәрбиеші: бұл қалай болды? Жаңа жылымыз аяз атасыз қалай өтеді?

Түлкі: Жарайды мен кетейін.

Тәрбиеші: Балалар уайымдамандар. Аяз атамыз келеді. Бізге сыйлық береді.

Бұл түлкінің кезекті бір қулығы болар. Мұның артында бір шикілік бар сияқты Думан, Тоғжан екеуің түлкінің ізіне түсіндер, не бүлдіргенін біліңдер.

Балалар: жарайды, біз кеттік. Түлкінің соңынан түседі.

Сықырлаған қардың дыбысы естіледі.

Тәрбиеші: тың-тыңдап балалар аяз атамыз келе жатқанға ұқсайды. Қардың сықырын естідіңдер ме?

Балалар: нә естіп тұрмыз

Тәрбиеші: енді қарап тұрмайық, бәріміз бірге дауыстап Аяз ата мен Ақшақарды дауыстап шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар. Қоян

Әуен ойналады. Залға Аяз ата мен Ақшақар кіреді. Балалар қол соғып қарсы алады.

Аяз ата:

Амансың ба ұлдарым.

Амансың ба қыздарым.

Қандай әсем жүздерің.

Қандай мөлдір көздерің.

Керемет бір ән тыңдап.

Келіп тұр-ау демалғым.

Ақшақар.-Сәлеметсіңдерме балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын.

Сүйсіндірер маңайды,

Ақшақармын арайлы.

Жалт-жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын.

Қалай тыныш жатпақпын,

Менсіз қыстың сәні жоқ,

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Жаңа жыл. Қоян

Мен жаңа жылмын,

Мен жаңа нұрмын,

Нұрымдыда себейін,

Жырымды да себейін.

Ән: «Аяз ата Ақшақар»

Аяз ата: Ой айналайындарым-ай сендерге келуін келдім бірақ қапшық толы сыйлығым ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Осында келе жатып, жоғалтып алдым. Енді не істесем екен? Осы кезде түлкінің соңынан кеткен екі бала түлкіні алдына салып, қапшық толы сыйлықты алып келеді.

Аяз ата: Ә, енді есіме түсті қу түлкі жолда бағана өлген боп жатып, қапшығымды қымқырған екенсіңго.

Тәрбиеші: Түлкінің бұнысы дұрыспа балалар?

Балалар: жоқ.

Аяз ата: онда айыбыңды өтеп, өнерінді көрсет.

Түлкі: Достарым менің келіндер, бірге билеп көріндер
«Аңдар биі.»

Аяз ата: бәрекелді, жарайсыңдар, билерің керемет тамаша екен.

Тәрбиеші: Ал балалар тұрмайық, Аяз атаға арнаған, тақпақтарымызды айтайық.

Аппақ тонға оранып, АЯТ
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Жаңа жылым мол болсын САБИНА
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жол болсын.
Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңа - жыл
Ата - әже, әке - шеше
Құтты болсын жаңа жыл

Тамаша, тамаша ОРАЗАЛЫ
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса

Жаңа жыл, жаңа жыл. ЕРКЕНАЗ
Жаңа жылда - жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.

Әдемілеп біз ілген, МҰҚАҒАЛИ
Ойыншықтар тізілген.
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

Ақ қар жапты даланы. РАУШАН
Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып шамдарын.
Шырша келді ортаға.

Қуансын деп балаша, ӘЛИНҰР
Безендірдік шыршаны.
Жымыңдайды – тамаша
Шыршамыздың мың шамы!

Келді тағы жаңа жыл. ШЫРЫН
Қуантумен біздерді.
Құтты болсын жаңа жыл.
Құттықтаймыз сіздерді.

Кел жаңа жыл біздерге, ДАСТАН
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңа жылда, жаңа жылда. КӨЗАЙЫМ. МҰРАТБЕКОВА
Өн саламыз бәріміз.
Аяз ата келеді деп,
Қуанамыз бәріміз,

ӘН «Шыршаға бардық»

Аяз ата Ақшақар балалармен қоштасуы.

Құрметті ата-аналар, балалар! «Келді міне жаңа жыл» атты ертеңгілігіміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата-аналар, әріптестерім сіздерге мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңызға рақмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.

Сөз кезегін балабақша меңгерушісі Калиева Н.М және ата-аналарға береміз